

"Қордай ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Қордай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 80-5 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 10 наурыздағы № 3-4 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 4914 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қазандағы №10-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 20.10.2023 № 10-3 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 6 мамырдағы Заңдарына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 қаулысына сәйкес, Қордай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Қордай ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Қордай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 80-5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4872 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылы 30 желтоқсанда жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Қордай ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасының:

8 тармағының 1) тармақшасы келесідей мазмұндалсын:

"1) 15 ақпанға – Кеңес әскерінің Ауған жерінен және ұрыс қимылдар жүргізілген басқа мемлекеттердің аумағынан шығарылған күніне";

8 тармағының 1) тармақшасы 1-4), 1-5), 1-6) абзацтарымен толықтырылсын:

"1-4) Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерге жылына бір рет облыстың атқарушы органның келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде;

1-5) Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерге жылына бір рет облыстың атқарушы органның келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде;

1-6) Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшыларына және қатардағы құрамының адамдарға жылына бір рет облыстың атқарушы органның келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде".

2. Осы шешімнің орындалуын қадағалау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет, жергілікті өзін-өзі басқару, индустриялық-инновациялық дамыту, аймақты, көлік пен байланысты, орта және шағын бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Заурбаеваға (келісімі бойынша) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қордай аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы
Қордай аудандық мәслихат
хатшысының м.а.*

Т. Апаева

Д. Сүгірбай